

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		42/11
Бақылау өлшеу құралдары		4 беттің 1 беті

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның І,ІІ аралық бақылауға арналған сұрақтары

- Пәні: «Қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер»
- Пән коды: КАЕZh 2210
- ББ атауы және шифры: 6B10115 «Медицина»
- Оқу сағаты/ кредит көлемі: 120 сағат/ 4 кредит
- Оқу курсы мен семестрі: 2-курс, 3-оқу семестрі

ШЫМКЕНТ, 2025ж

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA

AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL

ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Морфофизиология кафедрасы

42/11

Бақылау өлшеу құралдары

4 беттің 2 беті

Құрастырған: оқытушы Абдураимова Ұ.А.

Кафедра меңгерушісі, профессор

Ганабасев Б.Д.

Хаттама №

« 29 »

2025 ж

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		42/11
Бақылау өлшеу құралдары		4 беттің 3 беті

Бағдарламаның I,II аралық бақылауға арналған сұрақтары

№1

Науқас жалпы әлсіздікке, іштің ауыруына (эпигастрий аймағында), аш болған кезде күшеюіне, тәбетінің төмендеуіне, ауыздан жағымсыз иісі бар қышқыл немесе шірік кекіруіне, жүрек айнуына шағымданады. Анамнезінен созылмалы гастритпен ауыратыны белгілі. Тері жамылғысы таза, бозғылт. Тілі ақ жабындымен жабылған, емізікшелері тегістелген.

Сұрақтар:

Анатомия: Асқазанның топографиясы, құрылысы.

Гистология: «Асқазан бездері» гистологиялық препаратын сипаттаңыз.

Физиология: Асқазан сөлінің құрамы, сөл шығуының реттелуі.

№2

Науқас бауыр циррозы диагнозымен гастроэнтерологияға есепте тұрады. Қанды клиникалық-зертханалық зерттеу кезінде биохимиялық зерттеуде: жалпы билирубин концентрациясы - 49,2 мкмоль/л, альбумин - 36 г/л, протромбин индексі - 78%. Науқаста асцит және бауыр энцефалопатиясы жоқ екендігі анықталды.

Сұрақтар:

Анатомия: Бауырдың анатомиялық құрылымы.

Гистология: Бауыр бөлшегіне сипаттама беріңіз.

Физиология: Бауырдың ас қорытудан басқа атқаратын қызметтері, өттің асқорытудағы маңызы.

№3

Науқас эндокринологта 1-типті қант диабеті диагнозымен есепте тұр. Тамақ ішу кезеңін мектеп сабақтарының қарқынды кестесіне және жаттығуларға байланысты жиі жіберіп алады. Бірнеше рет гипогликемия клиникасымен стационарға түскен.

Сұрақтар:

Анатомия: Ұйқы безінің құрылысы, топографиясы, қанайналымы мен иннервациясы.

Гистология: Ұйқы безінің гистопрепараттың сипаттаңыз

Физиология: Ұйқы безінің сөлінің құрамы мен қызметтері. Ұйқы безінің сөл шығару кезеңдері.

№4

Науқас дәрігерге лоқсу, кекіру, құсу және ауыз қуысындағы жағымсыз иіске шағымданып келді. Созылмалы гастрит диагнозы қойылды. Гастрит кезінде асқазанның қай қабаты зақымданады?

Анатомия: Асқазанның қабырғасының қабаттары, ішастарға қатынасы

Физиология: Аш ішектегі ас қорытылу, аш ішек сөлі.

Гистология: Жіңішке ішектің гистологиялық препаратын сипаттаңыз

№5

Науқастың тіліне ота жасау қарастырылуда. Ота барысында хирург тілдің қанмен қамтамасыз ететін артерияны байлауы қажет.

Анатомия: Тілдің құрылысы, бұлшықеттері, қанмен қамтамасыз етілуі.

Физиология: Сілекей құрамы, шығуы, оның реттелуі.

Гистология: «Сілекей безі» гистологиялық препаратын сипаттаңыз

№6

Науқас асқазаннан қан кету белгілерімен шұғыл түрде хирургиялық бөлімшеге жеткізілді. Тексеру барысында асқазанның кіші иілімінен терең қан кетіп жатқан жара анықталды.

Анатомия: Асқазанның қай тамырларынан қан кетуде?

Физиология: Асқазандағы астың қорытылу процессін сипаттаңыз.

Гистология: Асқазан микропрепаратын сипаттаңыз.

№7

Науқас оң жақ мықын аймағындағы күшті ауырсынумен хирургиялық бөлімшеге жеткізілді. Тексеру жүргізу барысында жедел аппендицит диагнозы қойылды. Ішектің қай бөлігі зақымданған?

Анатомия: Зақымдалған ағзаның құрылысы, топографиясы, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық ағымын сипаттаңыз.

Физиология: Тоқ ішектегі ас қорыту процессін түсіндіріңіз.

Гистология: Тоқ ішектің гистопрепаратын сипаттаңыз.

№8

Науқасты қарау кезінде невропатолог тілді шығарған кезде қиындауын байқады, бұл оның қаңқа бұлшықеттерінің бір жұбының қызметінің бұзылуымен байланысты.

Анатомия: Тілдің құрылысын сипаттаңыз. Тілдің бұлшықеттерін атаңыз.

Физиологиясы: Жұту және өңештің қозғалыс қызметі.

Гистология: «Өңеш» гистопрепаратын сипаттаңыз.

№9

15 жастағы қыз бала жалпы әлсіздікке, іштің ауыруына (эпигастрий аймағында), аш болған кезде күшеюіне, тәбетінің төмендеуіне, ауыздан жағымсыз иісі бар қышқыл немесе шірік кекіруіне, жүрек айнуына шағымданады. Анамнезінен созылмалы гастритпен ауыратыны белгілі. Тері жамылғысы таза, бозғылт. Тілі ақ жабындымен жабылған, емізікшелері тегістелген.

Сұрақтар:

Анатомия: Асқазанның топографиясы, құрылысы.

Гистология: Асқазан қабаттарының гистологиялық құрылымы.

Физиология: Негізгі ас қорыту процесстері.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфофизиология кафедрасы		42/11
Бақылау өлшеу құралдары		4 беттің 4 беті

№10

16 жастағы қыз бала бауыр циррозы диагнозымен гастроэнтерологта есепте тұрады. Қанды клиникалық-зертханалық зерттеу кезінде биохимиялық зерттеуде: жалпы билирубин концентрациясы - 49,2 мкмоль/л, альбумин - 36 г/л, протромбин индексі - 78%. Науқаста асцит және бауыр энцефалопатиясы жоқ екендігі анықталды.

Сұрақтар:

Анатомия: Бауырдың анатомиялық құрылымы.

Гистология: Бауырдың функционалдық бірлігі.

Физиология: Бауырдың барьерлік функциясы.

№11

Балаға 13 жас. Эндокринологта 1-типті қант диабеті диагнозымен есепте тұр. Бала спортпен айналысады. Тамақ ішу кезеңін мектеп сабақтарының қарқынды кестесіне және жаттығуларға байланысты жиі жіберіп алады. Бірнеше рет гипогликемия клиникасымен стационарға түскен.

Сұрақтар:

Анатомия: Ұйқы бездің қанайналымы мен иннервациясы.

Гистология: Ұйқы бездің компоненттері.

Физиология: Ұйқы бездің эндокриндік және экзокриндік жүйесі.

№12

Науқастың тіліне ота жасау қарастырылуда. Ота барысында хирург тілді қанмен қамтамасыз ететін артерияны байлауы қажет.

Анатомия: Тілді қанмен қамтамасыз ететін негізгі артерияны атаңыз.

Физиология: Ауыз қуысындағы ас қорыту процессін сипаттаңыз.

Гистология: Тіл кесіндісінің гистологиялық сипаттамасы.

№13

Науқас дәрігерге лоқсу, кекіру, құсу және ауыз қуысындағы жағымсыз иіске шағымданып келді. Созылмалы гастрит диагнозы қойылды.

Анатомия: Гастрит кезінде асқазанның қай қабаты зақымданады?

Физиология: Асқазанның функционалды сипаттамасы.

Гистология: Асқазан қабықтарының функционалды сипаттамасы.

№14

Науқастың тіліне ота жасау қарастырылуда. Ота барысында хирург тілді қанмен қамтамасыз ететін артерияны байлауы қажет.

Анатомия: Тілді қанмен қамтамасыз ететін негізгі артерияны атаңыз.

Физиология: Ауыз қуысындағы ас қорыту процессін сипаттаңыз.

Гистология: Тіл кесіндісінің гистологиялық сипаттамасы.

№15

Науқас асқазаннан қан кету белгілерімен шұғыл түрде хирургиялық бөлімшеге жеткізілді. Тексеру барысында асқазанның кіші иілімінен терең қан кетіп жатқан жара анықталды.

Анатомия: Асқазанның қай тамырларынан қан кетуде?

Физиология: Асқазандағы астың қорытылу процессін сипаттаңыз.

Гистология: Асқазан микропрепаратын сипаттаңыз.

№16

Науқас оң жақ мықын аймағындағы күшті ауырсынумен хирургиялық бөлімшеге жеткізілді. Тексеру жүргізу барысында жедел аппендицит диагнозы қойылды.

Анатомия: Ішектің қай бөлігі зақымданған?

Физиология: Тоқ ішектегі ас қорыту процессін түсіндіріңіз.

Гистология: Тоқ ішек микропрепаратын сипаттаңыз.

№17

Науқасты қарау кезінде невропатолог тілді шығарған кезде қиындауын байқады, бұл оның қанға бұлшықеттерінің бір жұбының қызметінің бұзылуымен байланысты.

Анатомия: Тілдің құрылысын сипаттаңыз. Тілдің бұлшықеттерін атаңыз.

Физиология: Тілдің қызметі

Гистология: тілдің микропрепаратын сипаттаңыз

№18

Дәрігер екі науқастың асқазанының рентгендік контрастты зерттеу жүргізіп ағзаның қозғалыс қызметін бағалауда. Бірінші науқаста асқазанның жиырылуының жоғарылауы байқалады, ал екінші науқаста ағзаның тонусын төмендеуі байқалады.

Анатомия: Асқазан қабырғасының қандай анатомиялық құрылымдары ағзаның қозғалғыштығын қамтамасыз етеді (тонус және перистальтика)?

Физиология: асқазанның қызметі

Гистология: асқазанның макропрепаратын сипаттаңыз